

Бекітемін

ЖПС «Ясли» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

Яворская Л.И.



**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕРІНІҢ
ХАТТАМАЛАРЫ**

Шымкент 2024ж

№1 Педагогикалық кеңес хаттамасы

25.08.2023ж.

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.

1. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша есеп.
2. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру, оқу жоспарымен таныстыру
4. Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, талқылау.
6. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
7. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші сөз кезегін менгеруші Л.И.Яворская алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер! Жаңа 2023-2024 оқу жылы құтты болсын. Бірінші педагогикалық кеңесімізге қош келдіңіздер және ашық деп жариялаймын. Бірінші мәселе «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша әдіскер У.О.Ахметоваға сөз беремін.

Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

- Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша айтар болсам, тәрбиешілер «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілді. Әртүрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар өткізілді және балабақшамызда бассейн жұмыс жасады. Жазғы уақытқа арнайы күн тәртібі жасалды және соған байланысты жұмыстар жасалды. Осы жазғы сауықтыру шараларымыздың мақсаты

- балалардың психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;
- өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;
- денсаулығын күтуге үйрету, шыңығуға жаттықтыру болып табылды.

Сонымен қатар балабақшамызда «День Нептуна» мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараның жоспары бекітіліп, инстаграмм желісіне жарияланды.

2. Екінші мәселе бойынша менгеруші Л.И.Яворская «Балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту» тақырыбында сөз қозғады.

- Биылғы оқу жылына арналған жылдық жоспардың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, туған жерге деген сезім мен махаббатқа тәрбиелеу, сондай-ақ мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығын қамтамасыз ету.

Міндеті:

- Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.
- Балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, рухани –адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағдарланған білім беру салаларында интеграциялық амалдарын қолдану.
- Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру. Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, баланың жан - жақты дамуына ықпал жасау;
- Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау, салыстыра ойлау қабылеттерін әртүрлі ойындар арқылы дамыту
- Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.

Ал, енді педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыстарға келер болсам, биылғы оқу жылында 3 семинар-тренинг жоспарланып отыр, педагогтарға, ата-аналарға арналған кеңестер мен кеңестер пунктiнiң жоспары жасалды. Балалардың салауатты өмiр салтын ұйымдастыру мақсатында iс-шаралар тақырыптары таңдалды, музыка жетекшiсiмен бiрлесiп дене шынықтыру апталықтары мен мерекелерi ұйымдастырылуда. Мысалы: «Сиқырлы ойындар», «Мықты болып өсуiмiз үшiн», «Бiз спортшыл балақай!» тақырыбында барлық топтарға арналған дене шынықтыру апталықтары, сонымен қатар «Көңiлдi старт», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», «Мен спортты сүйемiн» тақырыбында дене шынықтыру сауық кештерi жоспарлануда. Ал музыка жетекшiсiмен бiрге «Қысқы қызықтар» мен «Бiз мықты боламыз» тақырыбында дене шынықтыру мерекелерi ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар, оқу жылында өткiзiлетiн ертеңгiлiктер тақырыптары мен тақырыптық сабақтардың жоспары жасалды, ашық есiк күндерi мен өткiзетiн көрмелер жоспарланды. Мысалы: «Ертегiлер әлемiне қонаққа барамыз», «Менiң сүйiктi тәрбиешiм», « Көктем келдi тамаша» тақырыбында көрмелер. Тәрбиешi мен педагогтардан ашық ұйымдастырылған iс-әрекеттерiнiң тақырыптары алынып, жылдық жоспарға қостық. Сонымен қатар, жыл бойында өткiзiлетiн педагогикалық, өндiрiстiк, меңгерушi жанындағы кеңестердiң жоспарлары жасалды. Ата -аналармен өткiзiлетiн жиналыстырдың жоспарлары бекiтiлдi. Бақылау түрлерi мен мазмұны жасалынып, рационалды теңестiрiлген тамақтану ұйымдастырылып, медициналық- педагогикалық бақылау мен әкiмшiлiк - шаруашылық қызметтiн жоспарға қостық,- деп толық айтып өтiп, сөзiн аяқтады.

3. Үшiншi мәселе бойынша «Мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу бағдарламасын қарастыру, оқу жоспарымен таныстыру» тақырыбында сөз кезегiн әдiскер У.О.Ахметова алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрiнiң 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына қосымша 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекiтiлген «Мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу бағдарламасымен» Сiздердi таныстырып өтейiн, - деп сөзiн жалғастырды. Бағдарламаның мақсаты -

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылатынын айтып өтті. Сонымен қатар, бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылатынын айтып өтті.

Сонымен қатар, бағдарламаның мазмұнынада қысқаша тоқталып өтейін деп сөзін жалғастырды.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №577 бұйрығына 1- қосымшасына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымшасымен бекітілген Орта, ересек және мектепалды даярлық тобына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен таныстырып өтейін,- деп әр топтың жоспарына тоқталып өтті. Сонымен қатар, оқу жоспарына берілген ескертулерді де айтып өтті. Балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, 9 қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағының болуы; Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөліну керектігін; Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылатынын; Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөліну қажетін айтып өтті.

4. Кеңестің төртінші сұрағы бойынша «Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту» сөз кезегін меңгеруші алды:

-Алдарыңызға таратып берген күн тәртібі мен сабақ кестеміне қараңыздар. Күн тәртібі біздің балабақшамызда 8.00 басталады. Бірақ тәрбиешілер мен тірбиеші көмекшілері 15-20 минут алдын келіп, топтардың шанын сүртіп, бөлмелерді ретке келтіріп, балаларды қабылдауына дайын болуы керек. Әрбір күн тәртібінде белгіленген уақыттар бойынша таңғы ас, түскі және бесін асын балдарға беру, ұйымдастырылған іс әрекеттерді уақытында өткізу және балаларды уақытылы серуенге шығарып, уақытылы түскі ұйқыға жатқызыңыздар.

Ал сабақ кестесіне келер болсам, ортаңғы топ балалары 15-20 минуттан сабақ өтеді, ересек топ балалары 20 минут, ал мектепалды даярлық топтары -25 минуттан сабақтарын өтеді. Әрбір топта оқу бағдарламасы сәйкес сабақ кестесі берілді. Музыка және қазақ тілі бойынша пән мұғалімдері сабақ береді,- деп айтып өтті.

5. Педагогикалық кеңестің бесінші мәселесі «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, талқылау» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

- 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқаулық хаттың ішінде балабақшамызда жыл бойына атқаратын жұмыстарымызды толық жазып өткен. Арнайы сіздерге *Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттерін айтып өтейін:*

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;

4) азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

5) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара ықпалдастық;

6) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Ал, Педагог келесі функцияларды атқарады:

– перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады (балалар мектепалды сыныпта болған кезде), «Баланың жеке даму картасын» толтырады;

– ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;

– таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;

– балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;

– ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады;

- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);

– ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Бағдарлама мазмұнның іске асыру педагогтен балаларға нұсқаушы ретінде қарауды емес серіктестік қарым-қатынас жасауды, баламен бірге ойнауды, бірлесіп әрекет жасауды көздейді. Сондықтан баламен күнделікті жұмыс жасау барысында өзіне ыңғайлы киімдерді киюге (спорттық, классикалық) болады.

Сонымен қатар, тәрбиешілердің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша, оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары, Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы, оқу жылында бала дамуының жеке даму картасын толтырудың үлгісі көрсетілген, -деп сөзін аяқтады.

6. Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші «Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі» бойынша сөз алды. Педагогтарға «Өрлеу БАҰО», ПШО, Балаларды ерте дамыту институтынан біліктілікті арттыру курсы 5 жылда бір рет өту керектігін естеріне салып өтті. Кейбір қызметкерлердің 2021, 2022 жылдары курстан өткендігін айтып, ол қызметкерлерге әзірше өтпесе де болатынын, ал қалған қызметкерлерге курстан өту керектігін айтты.

Сонымен қатар тәрбиешілердің көбісі бізде жоғары оқу орнын бітірген, педагог мамандары болғанымен, бірақ мектепке дейінгі тәрбие болмағандықтан, «Маман-специалист» оқу орталығында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу-тәрбиеші» мамандығы бойынша теориялық және практикалық курстардан өтіп, меңгеріп шыққандығы бойынша куәліктің қажеттігін айтып өтті.

7. Әртүрлі мәселелер бойынша меңгеруші сөз алды:

- Біздің балалабақшамыздың Ішкі Еңбек тәртіп ережесі қайта жасалынып, бекітілуге ұсынылуда. Мұндағы мазмұнын қысқаша айтар болсам, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мен шығару тәртібі, Жұмысшының құқығы мен міндеттері, Жұмыс берушінің міндеттері мен құқығы, Еңбек тәртібін бұзған үшін жауапкершілікке тартылуы, «Лилия» қызметкерлерінің жұмыс кестесі, мектепке дейінгі мекемеде балаларды қабылдау және топтарға жіктеу туралы ереже, тамақтануды ұйымдастыру туралы ереже, Үйірме жұмысы туралы ережесі жасалынды. Кәзір алдарыңызға тарқатылады, сол бойынша оқып шығуларыңызға және сұрақтарыңыз болса қойсаңыз да рұқсат. Қыркүйек айында өтетін меңгеруші жанындағы кеңесте бекітіледі.

Қызметкерлер тарапынан сұрақтар болмады.

Әртүрлі мәселелер бойынша меңгеруші:

- Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы негізінде (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 № 121 бұйрығын) негізге ала отырып, барлық қызметкерлерге арналған лауазымдық міндеттерін дайындадық. Әр қызметкерге жеке жеке лауазымдық міндеттер (меңгерушіге, әдіскерге, тәрбиешілерге, тәрбиеші

- Өте орынды сұрақ, бір күнде тәрбиеші 5.15 сағат жұмыс жасайды. Аптасына 5 күн болғандықтан, осы күндерге көбейтесіз, сонда 25,75 сағат шығады,- деп жауап берді меңгеруші. Басқа сұрақтарыңыз болмаса, педагогикалық кеңесімізді аяқтайық,- деп сөзін аяқтады.

Хатшы:

У.О.Ахметова

№2 Педагогикалық кеңес

Қатысқандар: 13

20.10.2023ж.

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»

1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Балаларыдың балабақшаға бейімделу жағдайы
3. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» әдіскер баяндамасы
4. «Күзгі балл» ертеңгілігінің өткізілуін жоспарлау
5. «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбында медбикенің баяндамасы.
6. Есепші О.В. Федаренконың төлем ақы жайында есебі.
7. «Дене шынықтыру сауық-кештерін» талқылау
8. Әртүрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің бірінші сұрағы бойынша сөз кезегін меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды:

-Саламатсыздар ма құрметті педагогикалық кеңеске қатысушылар. Бүгінгі кеңесті ашық деп жариялаймын. Сіздердің қолдарыңызға берген күн тәртібімен танысқан боларсыздар. Ал ендеше бастайық.

№1 Педагогикалық кеңестің шешімі толығымен орындалды және әлі де жалғасын табуда. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес іс-шаралар, спорттық жарыстар уақытылы өткізілуде. Сонымен қатар, былғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатының негізінде барлық ҰІӨ өткізіліп жатыр,- деп қысқаша тоқталып өтті.

2. Педагогикалық Кеңестің екінші сұрағы бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

-Біздің балабақшамызға 3 жастан бастап балаларды қабылдаймыз. Кішкентай бүлдіршіндеріміз балабақшаға келгенінде қандай жер, мен не істеймін, мені ұрыспайма, анам мені қайда тастап барады деген қорқыныш болады. Сол үшін біз ата-аналарға балаларының балабақшаға тез бейімделуі үшін мына тақырыпта жиі кеңестер береміз.

3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.

- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз

- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, унитазға сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз, т.б. – деп толық тоқталып өтті.

3. Үшінші сұрақ «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» тақырыбында әдіскер слайдтар көрсетіп, баяндама оқыды.

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің мақсаты: дені сау, білімге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаларын айқындау.

Мұндағы педагогтың рөлі- күні бойы балалармен әңгімелесуде денсаулық, қарым-қатынас, математика негіздері және білімнің басқа да салалары туралы білімді бойларына дарыту. Қарым-қатынас дағдыларын педагог өздері көрсетуі керек. Балалармен диалог жүргізуде педагог қарым-қатынас тәсілдерін көрсетеді, әңгімелесушімен сезімін ескеру қажеттілігін түсіндіреді, сыпайылық пен адаммен араласу қағидалары туралы айтады.

Сонымен қатар, осы тәрбие мен оқыту моделін іске асыруы жайында, ата-аналармен жұмыс жайында, осы жүйедегі педагогтар жайында, сапа көрсеткішінің үш тобына тоқталып, айтып өтті.

4. Төртінші сұрақ бойынша сөз кезегін меңгеруші музыка жетекшісі А.В.Чепуркинаға берді.

- «Күзгі балл» ертеңгілігінің өткізілуін жоспарлау, оған деген дайындық қарқын жүруде, -деп сөзін А.В.Чепуркина бастады. Барлық топтардың тәрбиешілеріне сценарий берілді. Барлық топтардың репетициясы, яғни дайындықтары уақыт уақытымен бөліп қойғанбыз. Балаларға сомдайтын рөлдерінің сөздері мен тақпақ-жаттауларын бергенбіз. Ертеңгілікте балалардың киетін киімдері дайын, музыкалық зал безендіру үстінде. Осы жақын күндері әдіскерге ертеңгіліктің сценарий тапсырылады. Меңгеруші мен әдіскерге ертеңгіліктің өтілетін уақыт кестесі тапсырылған. Сонда да сіздерге бір ескертіп кетейін:

31.10. күні ересек «Китенок» тобында, сағат 16.00

01.11 күні ортаңғы «Лучик» тобында, сағат 10.00

01.11. күні мектепалды даярлық «Жауқазын» тобында, сағат 16.00

02.11 күні ересек «Мамонтенок» тобында, сағат 16.00

03.11. күні ортаңғы «»Динозаврики» тобында, сағат 10.00

03.11. күні мектепалды даярлық «Ромашка» тобында, сағат 16.00 ертеңгіліктер өткізіледі,- деп сөзін аяқтады.

5. Педагогикалық кеңестің бесінші сұрағы «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбында медбике Орын Гүлнұр баяндама оқыды.

- Балаларда жиі кездесетін бірқатар ауру түрлері бар. Олардың алдын алу шаралары оларды жұқтырмауға, ал уақытылы емдеу асқынулар мен ауру салдарынан қашуға көмектеседі. Балалар жиі ауырады деген сөзді көптеген ата-аналардан естиміз. Егер балалаға әрқашан көңіл бөліп жүрсеңіз және әрқашан алдын алу шараларын орындасаңыз, балаға да, өзіңізге де жақсы болады.

Дегенімен балабақшада балалар саны өте көп және сырқаттанған бала екінші, үшінші балаға жұқтыруы мүмкін. Сондықтан, қандай ауруларыдың жиі кездесетінін білу керек, егер аурудан қашып құтыла алмаған жағдайда не істеу керектігін білу керек, - деп балаларда жиі кездесетін ауруларға жеке тоқталып, олардың алдын алу шараларын айтып өтті.

6. Педагогикалық кеңестің алтыншы мәселесі бойынша кассир О.В.Федаренко сөз алды.

- Ата - ана мен балабақша арасында құрылған келісім шартта әр айдың 10-на дейін төлем ақыны төлеу керек. Кәзіргі уақытта ешқандай ата -ананың төлем ақы жағынан қарызы жоқ. Топ тәрбиешілеріне рақмет айтамын, біраз төлемақыны кешіктіріп жатыса, ата – аналарға хабар беріп төлемақыны тездетуді сұрайды.

Бірақ, айта кететін жайт, ата – аналар балалардың ауырғандығы туралы анықтамаларын уақытылы алып келсін. Өйткені айдың соңында біз анықтамаларды әдіскерге тапсырамыз, ол гарден программасына сканерлеп іледі. Ал, ендігі айда ол анықтамалар гарденге ілінбейді және біз ол анықтаманы қабылдамаймыз. Ал бірақ, анықтама бір айдан екінші айға өтпелі анықтама болса, қабылдаймыз, -деп сөзін аяқтады.

7. Педагогикалық кеңестің жетінші сұрағы «Дене шынықтыру сауық-кештерін» талқылау бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Қазан айының басында әр топта «Сықырлы ойындар» қозғалмалы ойындар ойнатылды. Бұл ойындар барысында тәрбиешілер балалардың физикалық дамуына, яғни секіріп, тұруы арқылы ептілігін жақсартты, сықырлы ойындар арқылы қиялын дамыту, топпен бірге жұмыс істеуді үйретті.

Ал алдағы уақытта жоспар бойынша «Көңілді старт» ойын жарыстары ұйымдастырылуда. Бұл жарыстың мақсаты: балаларды спорттық ойындарға бейімдеу, денсаулықтарын жақсарту, қызығушылықтарын арттыру. Балалардың адамгершілік, күш, ерік-жігер қасиеттерін және психологиялық процестер мен адамдық қасиеттерді дамыту. Дене шынықтыру жаттығулармен өз бетінше шұғылдануға, этикалық және эстетикалық тәрбие беру, -болып табылады.

7. Әртүрлі мәселер бойынша сөз кезегін әдіскер алды:

- Әртүрлі мәселелер бойынша медбикеге айтарым бар. Кәзіргі таңда Шымкент қаласында корь, яғни қызылша ауруы асқынып жатыр. Таң ертең балаларды қабылдар алдын, олардың температураларын тексеріп, көңіл-күйлеріне үлкен мән бер, денесінде қызылшаның белгілері бар жоғын мұқият тексер. Егер бала қатты жөтеліп, температурасы бар болып, денесінде қызылша белгілері болса, ата-анасымен сөйлесіп, баланы балабақшаға қабылдама.

Ал тәрбиешілер таң ертен ертерек келіп, топтардың терезелерін ашып, желдетіп, белгілі уақытқа кварц қосып, шандары сүртіп, балаларды қабылдауға дайын болыңыздар, - деп сөзін аяқтады.

Ал, басқа сұрақтарыңыз болмаса осымен №2 педагогикалық кеңесіміз аяқталды.



Меңгерушінін у.м.а.

Хатшы:

У.О.Ахметова

Г.С. Орын

№3 Педагогикалық кеңес

Қатысқандар: 13

19.01.2024ж.

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Бала тәрбиесі- ұлт тәрбиесі»

1. №2 педкеңес шешімінің орындалуы
2. «Бала тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында әдіскердің баяндамасы
3. Өткізілген Аралық мониторингтің қорытындысы
4. «Қысқы қызықтар» атты дене шынықтыру мерекесінің қорытындысы
5. Мебикенің «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» жайында баяндамасы
6. Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктерді жоспарлау
7. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

1. Сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды. Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе №2 Педагогикалық кеңестің орындалуы бойынша айтар болсам, барлық мәселелер бойынша жұмыстар жасалынды. Өзін қатаң тексеру жүргізіп, бақыладым. Дене шынықтыру сауықтыру ойындары жүргізіліп, жоспарлары әдіскерге тапсырылды. Балалардың балабақшаға бейімделуі бойынша тәрбиешілері мен ата-аналар арасында байланыс нығайтылып, жұмыс жүріп жатыр,- деп сөзін қорытындылады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Бала тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. Бала отбасының көз қуанышы. Өйткені қазақта сөз бар: «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген. Сондықтан да, халқымыз баланы ерекше қадірлеген. Біреу бақытты байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, қызмет пен мансаптан іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Олай болса адам өмірінің мәні-өз ұрпағы: «Адам ұрпағымен мың жасайды».

Ал, тәрбиеге келетін болсақ, қазақ халқы баланы жастан, жастан емес-ау бесіктен, тіпті ана құрсағынан бастап тәрбиелеу керек деп өсиет қалдырған. Баланың түп қазығы, алтын ұясы-отбасы. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, сол ортаның ыстық суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Әке-шанырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер-азаматқа жүктеледі. Әйел-отбасының ұйтқысы. Баланы өсіріп тәрбиелеу –ата-ана міндеті. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу-отбасы мен мектептен алған үлгі- өнеге жиынтығының жемісі. Баланы өсіру, оны азамат етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Бала отбасында әкеге қарап, ал, қыз анаға қарап өседі. Сондықтан да әр ата- ана балаларының алдында өздерін дұрыс ұстап, ғибраты мол әңгіме айтып, жүріс –тұрысымен, киім –киісімен, іс –әрекетімен үлгі бола білуі керек,- деп баяндамасын оқып бітірді.

3. Үшінші мәселе өткізілген Аралық мониторингтің қорытындысы бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. Қантар айының басында балабақша балаларына мониторинг жүргізілді. Бұл Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Балабақшадағы 6 топтың тәрбиешілері мониторинг жүргізіп, әдіскерге қорытындысын тапсырды, өз кезегінде әдіскер өзіндік әдіскер жинағын жасақтап, білім басқармасының методистіне тапсырды,- деп сөзін аяқтады. (Әдіскер жинағының нәтижесі хаттамаға тіркелді)

4. Төртінші мәселе «Қысқы қызықтар» атты дене шынықтыру мерекесінің қорытындысы бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды. Барлық топтың тәрбиешілері музыка жетекшісімен бірге «Қысқы қызықтар» дене шынықтыру мерекесін өтізді. Барлық қысқы қызықтар дене шынықтыру мерекесіне қатыстым. Өте қызықты мәнді, мағыналы өтті. Бұл эстофетаның мақсаты: білім беру міндеттері-қимылдың ептілігі мен дағдысын меңгеру және дене шынықтыру көлемінде мектепке дейінгі балаларға білім беру; сауықтыру міндеттері: дене тәрбиесі жаттығулар көмегімен мектепке дейінгі балалардың денсаулықтарын күшейту. Тәрбиелік міндеттер- мектепке дейінгі балаларға адамгершілік, жігерлілік қасиеттерді қалыптастыру, өнегелік, көркемдік танымдарды үйрету. Барлық топтың тәрбиешілері жоспарларын тапсырды,- деп сөзін аяқтады.

Бесінші мәселе «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» бойынша сөз кезегін медбике Г.Орын алды. Әлемдегі біріктіретін аурулардың ең кең тараған тобы тұмау, парагрипп, респираторлық-синцитиалдық инфекция, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының қабынбалары. Даму үдерісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін.

ЖРВИ- бұл төрт ортақ белгілерді біріктіретін аурулар тобы.

1. Олардың барлығы жұқпалы болып табылады. Олардың вирусын тудырады;

2. Ауру қоздырғыштары ағзаға ауа-тамшы жолдарымен – тыныс алу ағзалары арқылы келеді;

3. ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді.

4. ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

ЖРВИ кезінде не болады? Вирустар мен бактериялар тыныс алу жолдарына түседі, шырышты қабыққа түсіп, зиянды заттар бөліп шығарады, сосын олар қан арқылы барлық ағзаға таралады. ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Иммунитет ауырғаннан кейін тұрақты емес, сондықтан әр адам жыл сайын 3-4 және одан да көп ауруы мүмкін.

ЖРВИ немен қауіпті?- Деп сұрақ қоя отырып, баяндамасын аяқтады

5. Алтыншы мәселе Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктерді жоспарлау бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды. Алдағы уақытта балабақшамызда 8 Наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай ертеңгіліктер жоспарлануда. Соған байланысты музыка жетекшісі барлық топқа арнап жоспарлар құрып, өтетін уақыт кестесін дайындап қойды. Дайындық бастылып кетті. Ал, енді сомдайтын рөлдеріне байланысты костюмдері туралы айтар болсам, біздің балабақшамызда гардеробныйда өте көп киімдер тіктіргенбіз. Содан барлықтарыңыз алып, киіңіздер. Ал егер біреулеріңізге жаңа рөлдерге жаңа костюмдер керек болса, маған шығыңыздар. Саны мен өлшемін айтарсыздар, мен өз қаржыма тіктіріп беремін. Музыкалық залдың безендірілуі бойынша өз ойларында мерекеге қарсы уақытта жиналып талқылаймыз, -деп сөзін аяқтады.

- Жетінші әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды. Шымкент қаласы Білім басқармасының әдістемелік орталығы ұсынған 22.01.2014 жылғы №49 хатына сәйкес 2024 оқу жылына арналған «Азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығуларды өткізу» туралы бекіткен жоспары негізінде ЖШС «Лилия» бөбекжай балабақшасында 2024 жылдың 29 қаңтар күні қызметкерлер арасында және барлық топтардың қатысуымен «Өрт жағдайларындағы эвакуациялық жаттығулар» өткізілу жоспарлануда. Барлық топтардың тәрбиешілері дайындық үстінде. Бұл мәселеге өте көп көңіл бөлу керек. Айтқан жерден аулақ, ондай жағдай орын алған кезде біздің балабақша қызметкерлері қандай іс-қимыл жасау керек, балалар не істеу керектігін бәрі білу керек. Ал біздің балабақшада өрт қауыпсіздігіне байланысты өрттің алдын алу бойынша барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар мына педагогикалық кеңесте «Инструкция о мерах пожарной безопасности на территории и в помещениях», «Инструкция для сотрудников детского сада по пожарной безопасности» тақырыбындағы нұсқаулықты қысқаша түсіндіріп, бекітеміз, - деп меңгеруші толығымен нұсқаулықты оқып шықты.

- Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. Біздің балабақша Өрлеу БАҰО өтуі керек қызметкер бар. Сол мақсатпен өрлеу қызметкерлерімен сөйлесіп, курс төлем ақысы – 25 500 тг құрайтынып және 72 сағаттық сертификат берілетінін айтты. Кәзіргі таңда сұраныс хат дайындалып, өрлеуге жібереміз.

- Енді сұрақтарыңыз болмаса педагогикалық кеңесті аяқтайық, - деп меңгеруші сөзін аяқтады.

Қаулы:

- 1.«Бала тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында тәрбиешілер ата-аналармен жұмыс жасасын.
2. Өткізілетін әр бір мониторинг бойынша тәрбиешілер тиянақты, мұқият болсын.
3. «Қысқы қызықтар» атты дене шынықтыру мерекесі жалғасын тапсын.

№4 Педагогикалық кеңес

Қатысқандар: 13

15.03.2024ж.

1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Өткізілген дене шынықтыру сауық-кештерінің қорытындысы жайында
3. Өткізілген көрмелердің қорытындысы
4. Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы. (ересек, мектепалды топтары.)
5. 22 Наурыз мерекесіне орай өткізілген ертеңгілікті талқылау
6. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Сөз кезегін меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе №3 Педагогикалық кеңестің орындалуы бойынша айтар болсам, барлық мәселелер бойынша жұмыстар жасалынды. - деп сөзін қорытындылады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Өткізілген дене шынықтыру сауық-кештерінің қорытындысы» жайында меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- Ақпан айында «Мықты болып өсуіміз үшін» тақырыбында қозғалмалы ойындар ұйымдастырылып, өткізілді. Ал наурыз айында «Ұлттық ойындар ойнаймыз» тақырыбында барлық топтарда ойын жарыстары өткізілді. Барлық жарыстарға барып қатысып көрдім. Жарыстар өте көңілді өтті. Тәрбиешілердің таңдаған ойындары жасерекшеліктеріне лайықты және қызықты болды. Жарыстар барысында сабақтарына қажетті құралдар пайдаланылды (доп, секіргіш, т.б). әр топтың балалары бір түсті дене шынықтыру формаларын киді. Балалар жарысқа белсене, бар ынтасымен қатысты. Көңілді музыка қойылды. Барлық топтың тәрбиешілері жоспарларын тапсырды, - деп қысқаша айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Өткізілген көрмелердің қорытындысы» бойынша сөз кезегін еңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- ЖШС «Лилия» бөбекжай балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес қаңтар айында «Менің сүйікті тәрбиешім» және наурыз айында «Көктем келді тамаша» тақырыбында көрме өткізілді. Менің сүйікті тәрбиешім көрмесінің мақсаты: балалардың өз тәрбиешісіне деген сүйіспеншілігін, сыйластығын сурет арқылы білдіру. Кейбір топтың балалары тәрбиешісіне деген жылы лебіздерін, тілектерін жазды, ал кейбіреулері тәрбиешісінің суретін салды, балабақша суретін салған тәрбиеленушілерде болды. Көрме болған күні балабақшамызда ашық есік күні ұйымдастырылып, ата-аналардың барлығы көрмені тамашалады.

Ал найрыз айында өткізілген «Көктем келді тамаша» көрмесінің мақсаты: балалардың жыл мезгілі көктем туралы түсінігін қалыптастыру арқылы, көктемнің керемет бейнесін салып, көктемде болатын табиғаттағы ғажайып көріністерді парак бетіне түсірді. Барлық топтардың балалары белсенділік танытты. Кіре беріс дәлізде үлкен шырмаларды қойып, сонда балалардың салған суреттерін іліп, ата-аналарға ашық есік күнін жариялап, балалардың салған суреттерін тамашалады, - деп сөзін аяқтады.

4. Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ «Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы (ересек, мектепалды топтары.)» бойынша сөз кезегін меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- Әр аптаның дүйсенбісінен жұма күнге дейін таңғы сағат 8.00 бастап кешкі сағат 18.30 дейін тәрбиешілер балалармен жүргізген жұмыстары мен тәрбие сағаттары, ата-аналарға берген кеңестеріне дейін бақылауда болады. Әр дүйсенбінің таңында топтарды аралап шығып, тәрбиешілердің балаларды қарсы алғанынан бастап, топтарында гимнастика жаттығуларын өткізіп, балалардың қолдарын жуып, таңғы асқа отыруына бақылау жасаймыз. 9.15 тен бастап әр топтың сабақ кестесі бойынша сабақтары басталады. Сабақтары аяқталған соң тәрбиешілер балаларды таза ауаға шығарып, сонда жспарлары бойынша әр түрлі ойындар ойнатады. Ойындар барысында қоршаған ортамен танысу жұмыстары басталады. Табиғаттағы әр түрлі өзгерістер туралы, құстар туралы сұрақтар қойылып, балалардың таным процестерін дамыту жұмыстары жүргізіледі. Серуеннен кейін балалар топтарына кіріп, үстілерін шешім, гигиеналық шараларды жүргізіп, түскі асқа отырады. Түскі ас біткен соң пижамаларын киіп, түскі ұйқыға жатады. Осылайда күннің бірінші жартысы өтеді. Кейбір күндері расписание бойынша қосымша үйірме жұмыстары өтеді. Олар: хореография, ағылшын тілі. Ал түс қайта таеквандо мен гимнастика болады. Әр аптаның бесінші күні тәрбиешілер әдіскерге циклограммаларын әкеліп, тексертеді. Сол циклограмма бойынша және жылдың басында бекітілген күн тәртібі бойынша тәрбиешілер жұмыстарын жүргізеді. Ал енді сөз кезегін медбикеке бергім келіп тұр. Күннің бірінші жартысында, яғни таң азанда істейтін жұмысы бойынша қысқаша айтып өтсе.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Сөз бергеніңізге рақмет Улжан Орынбасаровна. Менің жұмысым барлық тәрбиешілер сияқты таңғы сағат 8.00 ден басталады. Таң азанымен мен тотарды аралап, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшісінің жұмыстары тексеремін. Тәрбиешілердің терезенің шаның сүртіп, кабинеттегі заттарды реттейді де, есік терезелерді жауып, кварц қосады. Кейін оны өшіріп, бөлмелерді желдетеді. Ал тәрбиеші көрекшісі едендерді тазалап, ас бөлмесінен таңғы асқа кетеді. Осының барлығын тексеріп болған соң мен балаларды күтетін есіктің алдына барып, сонда термометрмен балалардың дене температураларын тексеріп, денесін тексеріп, қабылдаймын. Арқарайғы жұмыстарым менің жоспарыма байланысты,- деп медбике Г.Орын толық тоқталып, айтып өтті.

5. Бесінші мәселе «22 Наурыз мерекесіне орай өткізілген ертеңгілікті талқылау» бойынша сөз кезегін меңгерішінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- Наурыз мерекесіне орай балабақшада наурыз көже мен бауырсақтар пісіріледі. Тары, талқан дайындап таңда ата-аналар балаларды бақшаға әкелгенінде оларға ауыз тиюі үшін дәм татуға беріледі. Ал 29 наурыз күні келесі апталарда балабақшамызда «Қош келің біздің өлкеге Наурыз» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырылды. Ол ертеңгілікке ересек және мектепалды даярлық топтарының балалары қатысады. Ертеңгіліктің жоспары жасалынып, маған тапсырылды. Кәзіргі таңда ертеңгілікке толық дайындық туралы музыка жетекшісі Алена Владимировна нсөз берейін,-деп сөзін аяқтады

- Кәзіргі таңда ертеңгілікке дайындығымыз қарқын жүріп жатыр. Әр топтың дайындықтары жақсы деп айта аламын. Осы күнге дейін барлық балалар Наурыз туралы жаттауларын жаттап, билерін жақсы меңгеріп алды. Ал Алдар Көсе мен байдың көрінісін ойнайтын тәрбиешілеріміз өз рөлдерін жақсы меңгерді. Ертеңгілік барысында балаларымыз бірнеше ұлттық ойындарымызды ойнап, көрсетеді. Музыка залының безендіруі аяқталды. Жалпы ертеңгілікке дайындығымыз жақсы- деп А.В.Чепуркина сөзін аяқтады.

6. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгерушінің у.м.а. У.О.Ахметова алды.

- 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес барлық топтарды тәжірибе алмасу сабақтары өткізіледі. Осы наурыз айында мамаонтенек тобында ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақ тақырыбыны «Необычное путешествие к самому себе». Ашық сабақ өз дәрежесінде жақсы өтті. Ашық сабақ барысында дидактикалық көрнекіліктер қолданылды. Тәрбиеші мен балалардың дайындығы өте жақсы. Барлық топтардың тәрбиешілері сабаққа қатысты- деп сөзін аяқтды.

Сонымен қатар, 22 ақпан 2024 жылғы №21-03-02-06/232 хаты негізінде Шымкент қаласы әкімінің орынбасары А.Кәрімовпен бекітілген жоспарға сәйкес, қала аумағында 2024 жылғы 23 ақпанда жалпықалалық сейсможаттығу өткізілу негізінде біздің бөбекжай балабақшасында 2024 жылдың 23 ақпан күні қызметкерлер арасында және барлық топтардың қатысуымен сейсмикалық жаттығулар өткізілді. Мұндай жаттығуларды жиі өткізіп тұруды ұсынамын. Өйткені, жаманын айтпай жақсысы жоқ дегендей, жер сілкінісі немесе өрт болған жағдайда сасқалақтамай, қауіпсіз жерге эвакуациялануды үйрену, ондай жағдайда тәрбиешілер мен балалар не істеу керек екенін білгендері жөн.

Басқа сұрақтарыңыз жоқ болса педагогикалық кеңесімізді аяқтайық,- деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Дене шынықтыру сауық-кештері жалғасын тапсын.
3. Жиі - жиі көрмелер өткізілсін.
4. Күннің бірінші жартысы мен екінші жартысында күн тәртібінің орындалуын тексеру жалғастырылсын (барлық топтар).
5. 22 Наурыз мерекесіне орай өткізілетін ертеңгілікті сәтті өткізіп алу
6. Әртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Меңгерушінің у.м.а.

Бұйрықпен таныстым.



У.О.Ахметова

Г.С. Орын

№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Қатысқандар: 14

30.05.2024ж

Тақырыбы: «Мектепке» дейінгі мекеменің 2023-2024оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының қорытындысы

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. №4 педкеңес шешімінің орындалуы
2. 2023-2024 оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалу есебі.
3. Мониторинг қорытындысымен таныстыру.
4. Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі
5. «Біз бақытты отбасы» тақырыбында өткізілген семинар-тренинг қорытындысы
6. «Балабақша, қош сау бол!» МАД тобының өткізген ертеңгілігін талқылау
7. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту
8. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Бүгінгі педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша айтар болсам, жоспар бойынша дене шынықтыру сауық-кештері жалғасын тауып, әр ай сайын өткізілуде. Ал, күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуын әр уақытта әдіскер де, мен де бақылау жүргізіп, ұйымдастырылған оқу іс әрекеті уақытыл өткізілуде. Балалар уақытылы серуенге шығып, күн тәртібі бойынша уақытылы тамақтанып, уақытылы түскі ұйқыға жатады. Ал, 22 Наурыз мерекесіне орай өткізілген ертеңгіліктер жақсы ұйымдастырылып, өткіздік. Ата аналар тарапынан көптеген жақса пікірлер айтылып, балалар мен тәрбиешілер өте жақсы дайындалып өткізгенін байқадық. Жалпы №4 педагогикалық кеңестің шешімінің барлығы орындалды,- деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «2023-2024 оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалу есебі» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары бойынша барлық іс-шаралар, жұмыстар мен жиналыстар өткізіліп, жоспарлары әдіскерге тапсырылды, хаттамалары толтырылды. Оқу жылы барысында «Сиқырлы ойындар», «Мықты болып өсуіміз үшін», «Біз спортшыл балақай!», «Мен спортты сүйемін!», т.б. тақырыпта жарыстар өткізілді. «Күзгі балл», «Жаңа жылды қарсы аламыз», «Айналайын анашым» 8 Наурыз күніне арналған, «Біздің өлкеге Наурыз келді» 22 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктер өткізілді, жоспарлары әдіскерге өткізіліп, анықтама толтырылды. Сонымен қатар барлық топтарда тәжірибе алмасу сабақтары өткізілді және ата -аналар

жиналыстары өткізілуде. Педагогикалық, әдістемелік, меңгеруші жананыдағы және өндірістік кеңестер жоспар бойынша өткізіліп, хаттамалары толтырылуда. Оқу жылы бойынша «Ертегілер әлеміне қонаққа барамыз» кітап көрмесі, «Менің сүйікті балабақшам» және «Көктем келді тамаша» суреттер көрмесі ұйымдастырылып, өткізілді. Әр мерекеге байланысты тақырыптық сабақтар өткізілді және жоспарлары әдіскерге тапсырылды. Ата-аналарға әртүрлі тақырыпта кеңестер берілді, кеңес тақырыптары тәрбиешілердің циклограммасында жазылды, - деп толық айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Мониторинг қорытындысы» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Мониторинг қорытындысы бойынша айтап болсам, мамыр айының басында білім басқармасы тарапынан келген хатқа байланысты біздің балабақшамызда әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік алу үшін қорытынды мониторинг жүргізілді. Мониторинг қорытындысын айтар болсам бастапқы, аралық мониторинг қорытындысымен салыстырғанда көрсеткішіміз жоғары болып тұр. Өйткені бастапқы мониторингте кездескен қиыншылықтармен тәрбиешілер жақсы жұмыс жасап, аралық мониторингте кездескен кемшіліктермен жұмыс жасап, қорытынды мониторингте нәтиже жоғары болды. Қорытынды мониторингтің нәтижесін хаттамаға қоса тіркеймін.,- деп сөзін аяқтады.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Биылғы оқу жылында барлық топ тәрбиешілері тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақтар өткізді.

	Тақырыбы	Жауаптылар	Мерзімі
	Путешествие в сказочный лес	Лигус О.А.	Қантар
2	«Путешествие в страну знаний»	Шишкина Л.В. Костеневич Я.В.	Ақпан
3	По дороге к знаниям!!!	Рыбникова О.В. Криваносова Е.Ю.	Сәуір
4	Необычное путешествие к самому себе	Сыздыкова А.А.	Наурыз
5	Письма из страны Всезнаек	Хоменко Л.Л. Иванятова М.А.	Мамыр
	Итоговое занятие	Крайниченко Н.Н.	Мамыр

Барлық ашық сабақтарға қатысып, соңында талқылау жасап, талдау парағы толтырылды. Рақмет, тәрбиешілерге барлық сабақтар сол топтың жасерекшелігіне сай, түсінікті, жақсы өткізілді және барлық ашық сабақтар өз мақсатына жетті. Тәжірибе алмасу сабақтарында әртүрлі дидактикалық ойындар мен инновациялық жаңа технологияларды пайдаланды, - деп толық айтып өтті.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Біз бақытты отбасы» тақырыбында өткізілген семинар-тренинг қорытындысы бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- «Біз бақытты отбасы тақырыбында семинар – тренинг өткізілді. Семинар-тренингтің мақсаты – отбасында татулықты, берекені орната отырып, балаларға жақсы тәрбие берудің жолдарын қарастыру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу, отбасы құндылықтарын арттыру, отбасы институтын нығайту». Тәрбиешілер мен ата-аналардың қатысуымен бір сағаттық семинар өткізілді. Онда әр түрлі отбасылық құндылықтар туралы, қарым-қатынастар туралы ситуациялық сұрақтар қойылды. Арасында балабақша бүлдіршіндері отбасы туралы тақпақтар айтып, ата-аналардың жүректерін елжіретті. Соңында өзім «Мен қандай адаммын?», «Отбасында рөлім қандай?», «Мен не істер едім?» тақырыбында тренинг өткіздім. Семинар-тренинг соңында ата – аналармен кері байланыс жасап, қорытындылады, - деп сөзін аяқтады.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе «Балабақша, қош сау бол!» МАД тобының өткізген ертеңгілігін талқылау бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Мектепалды даярлық топтары «Ромашка» және «Жауқазын» тобында ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікке дайындықтары өте керемет болды. Барлық балалар өз рөлдерін керемет сомдады. Рөлдеріне арнайы киілген киімдері де өте сәнді болды. Сонымен қатар балалар үш тілде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде керемет ән шырқап, тақпақтарын айтты. Ата-аналармен де арнайы ұйымдастырылған ойындары да керемет болды. Ата-аналардың, балалардың және қонаққа келіген тәрбиешілердің көңіл-күйлері керемет болды. Ал залдың іші жарық, таза және өте сәнді безендірілген. Ертеңгілік соңында арнайы баспада басылып дайындалған дипломдар балаларға ұсынылды. Ертеңгіліктердің жоспарлары әдіскерге тапсырылып, анықтама толтырылды, - деп меңгеруші сөзін аяқтады.

7. Күн тәртібінде жетінші мәселе «Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту» туралы сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың

танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді. Сол мақсатта жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалынып, бүгінгі күнмен бекітіліп, жазғы күн тәртібі мен перспективалық жоспар жасалды және бекітуге ұсынып отырмын. Тәрбиешілер әр аптаға арналған жазғы сауықтыру шараларына сай циклограмма дайындайды, - деп толық тоқталып өтті.

8. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Әртүрлі мәселелер бойынша айтар болсам «Лилия» бөбекжай бақшасының төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтарды өткізудің 2024 жылға арналған тақырыптық жоспары жасалды. Сол жоспарға сәйкес әр ай сайын тақырыптық сабақтар мен іс-шаралар өткізіліп отыр. Әр іс – шараны әрбір топқа бөліп беріп отырмыз. Мысалы «Көктемгі су тасқынына қарсы іс-шаралар жаттығулары» ромашка тобында өткізілсе, «Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік» мамаонтенок тобында өткізілді. Алдағы уақытта барлық топтарда өткізіліп, балалар мен қызметкерлер төтенше жағдай барысында іс-қимылды жақсы білулері керек,- деп сөзін аяқтады.

- Сонымен қатар, барлық тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілеріне, асхана қызметкерлеріне, жұмысшыға, медбикеге, жалпы барлық қызметкерлерге арнайы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықпен таныстырып өткім келіп отыр. Нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексі негізінде өткізіледі. Мұнда балабақшасының барлық қызметкерлері сақтауға тиіс қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптары белгіленген. Балабақшаның тәрбиешілері мен педагогтары адал жұмыс істеуге, еңбекте жағары көрсеткіштерге қол жеткізуге, өз кәсіби біліктілігін тұрақты арттыруға, еңбек тәртібін сақтауға, ішкі еңбек тәртібін орындауға, өзге жұмыстармен айналыспауға міндетті. Меңгерушінің келісімінсіз сабақты өтпеуге, бір іс-әрекетті келесі іс-әрекетпен ауыстыруға болмайды. Меңгерушінің өкімдерін өз мерзімінде және нақты орындауға, жабдықтарды сақтауға, тазалық пен санитария және қауіпсіздік техникасы ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тиіс. Тәрбиешілер балалардың өмірі үшін жеке жауапкершілікке ие екендігін түсінуі қажет, сондықтан балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау үшін тәртіптік жазалау шарасы қолданылуы мүмкін: ескерту, сөгіс, қатан сөгіс, жұмыстан босату. Жазалау шараларын балабақша меңгерушісі жұмыскерді жұмысқа қабылдау мен босату өзіне бөлінген құқығы бойынша қолданылады. Тәрбиешінің жұмыс орындағы лауазымдық міндеттері мынандай,- деп толығымен тоқталып өтті. Сонымен қатар алдағы уақытта барлық қызметкерлерден «Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін тексеру бойынша» емтихан өткізілетінін айтты.

- Сонымен қатар, алдағы жаз уақытында барлық топтың ата-аналарына ескертсеңіздер болады, яғни жаз айларында екі айға орын сақталатын демалыс, отпуск алуға рұқсат беріледі. Ата-аналар әдіскерге келіп өтініш жазып кетсе болғаны.

Жоспардан тыс ұйымдастырылған педагогикалық кеңес жиналысы
Хаттама № 1/2

Қатысқандар: 23

15.09.2023ж

2023 - 2024 оқу жылының басында келген Білім басқармасы хатының негізінде «Азаматтық белсенділігінді арттыр! Жемқорлыққа жол берме!» тақырыбында «Лилия» балабақшасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бойынша барлық қызметкерлерге жиналыс өткізілді.

Жиналыс барысында сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Жемқорлықпен күрес әрбір саналы азаматтың парызы. Кез келген өркениетті қоғам үшін жемқорлықпен күрес өзекті мәселе болып отыр. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Елбасы «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты», «Қазақстан халқына демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетеді. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табуда. Сыбайлас жемқорлық заманның ағысымен өсіп келе жатқан, мол қаражат болған жерге тамырын тереңінен жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған қоғамдық дерт. Осындай келеңсіз құбылыстармен күрес жүргізу тек сот және құқық қорғау мемлекеттік органдардың міндеті ғана емес, әрбір ұлтжанды азаматтардың парызы. Мұндай ауыр дертті тек мемлекет және құқық қызметкерлерінің күшімен жеңе алмаймыз. Жемқорлықтың алдын бүкіл халық болып қолға алсақ қана тоқтатуға болады. Сол себептен барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыретінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Сонымен қатар, біздің балабақшамызда мұндай дертке жол бермей, заң аясында, өзіміздің лауазымдық міндеттерімізді толық орындап, балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережесіне сай жұмыс жасауымыз керек, - деп сөзін аяқтады.

Ендігі сөз кезегін әдіскер У.Ахметова: «Білім Басқармасы тарапынан келген «Азаматтық белсенділігінді арттыр! Жемқорлыққа жол берме!» тақырыбындағы слайд материалдары туралы қысқаша айтып өтті. Ең алдымен жемқорлық дегеніміз не, қай тілден енгендігін және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы және қандай бап бойынша бас бостандығынан айрылатындығы жайында қысқаша баяндап өтті. 361-бап, Лауазымдық өкілеттерді теріс пайдалану, 439-бап, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат, 680-бап- Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы, 679-бап-

мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы мен заңсыз кірістер алуы туралы, 678 бап- Заңды тұлғалардың материалдық сыйақы беруі, 677 бап- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы туралы баптарын оқып берді.

Осы мәселе бойынша О.А.Лигус сөз алды:

-Шынында да жаппай барлығымыз осы сыбайлас жетқорлықпен күресуіміз қажет. Біздің мемлекетімізде сыбайлас жемқорлық тоқтатылса, өркендеген керемет мемлекетке айналатынымыз рас,- деп сөзін аяқтады.

Менгеруші:

Хатшы:



— Яворская Л.И.

Орын Г.С.